

## Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіні қайта құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 3 қазан N 1413. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1999.01.07. N 10 қаулысымен. ~P990010

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 16 сәуірдегі N 458 P960458\_ қаулысының ережелерін дамыту, республиканың экономикасын құрылымдық-инвестициялық жаңғыртулар үшін тартылатын сыртқы қаржы ресурстарының көлемін ұлғайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі ашық акционерлік қоғам нысанындағы акционерлік банк (бұдан әрі - Банк) болып құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Ұлттық Банкінің, мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің, ұсыныстарын, сондай-ақ Халықаралық Қаржы Корпорациясы Директорлар Кеңесінің 1997 жылғы 18 сәуірдегі Ниеттер туралы хаттамасын және 1997 жылғы 22 қыркүйектегі шешімін ескере отырып:

Банктің жарғы капиталы 60 (алпыс) миллион АҚШ долларының мөлшерінде ( теңгелік баламда);

Банктің жарғы қорындағы үлестерді бөлу;

Қазақстан Республикасының Үкіметі - 49 процент (Қазақстан Республикасы мемлекеттік Экспорт-импорт банкі жарғылық капиталының төленген сомасы);

"Bank Bumiputra Malaysia Berhad" малайзия банкі - 36 процент;

Халықаралық Қаржы Корпорациясы (International Finance Corporation) - 15 процент болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.С.Павлов пен қайта құрылатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі Басқармасының Төрағасы І.Б.Ізтілеуовке Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Банкті құру жөніндегі барлық құжаттарға қол қоюға уәкілеттік берілсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі екі апта мерзімде шетелдік қаржы-несие мекемелеріне қайта құрылатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің қызмет көрсетуіндегі, олардың берген несиелерін қайтаруды қамтамасыз ету жөніндегі қазақстан

Республикасы Үкіметінің барлық берген кепілдіктерінің күшінде екендігін растасын.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік

мүлік пен активтерді басқару департаменті осы қаулыны жүзеге асыру жөнінде шаралар қолдансын.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Банк акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану жөнінде өкілеттік берілсін.

7. Әділет министрлігі Банкпен бірлесіп бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкестікке келтіру туралы ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
міндетін атқарушы